«СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ «ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ АТЫНДАҒЫ АУДАННЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ«ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ РАЙОНА ИМЕНИ ГАБИТА МУСРЕПОВА»КОММУНАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

02 қаңтар 2026 ж

Новоишим ауылы

№ 545

село Новоишимское

2026–2027 оқу жылына білім беру ұйымдарына балаларды тегін тасымалдауды ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 6 мамырдағы №185 «Халық тығыздығына және елді мекендердің қашықтығына қарай білім беру ұйымдары желісінің кепілдік берілген мемлекеттік нормативін бекіту туралы» бұйрығы және Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 2016 жылғы 2 маусымдағы №159 «Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның шалғай елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау схемалары мен тәртібін бекіту туралы» қаулысы негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп жанындағы интернаттарға төмендегі елді мекендерден балаларды апта сайын тасымалдау ұйымдастырылсын:

«Калиновский орта мектебі» КММ - Сарыадыр, Чернозубовка, Симоновка ауылдарынан ГАЗ А65R35, мемлекеттік нөмірі 896 AF 15, ПАЗ 32053, мемлекеттік нөмірі 145 AP 15 автокөліктерімен;

«Новоишим қазақ жалпы білім беретін мектебі» КММ - Привольное, Мукур, 15 жылдық Қазақстан, Тоқсан би, Новоселовка, Червонное ауылдарынан ГАЗ А65R35, мемлекеттік нөмірлері 075 AG 15, 534 AE 15 автокөліктерімен.

2. Білім беру ұйымдарына және кері қарай үйлеріне балаларды күнделікті тасымалдау ұйымдастырылсын:

«Бірлік орта мектебі» КММ-Старобелка ауылынан ГАЗ А65R35, мемлекеттік нөмірі 957 AV 15 автокөлігімен;

«Салқынкөл негізгі орта мектебі» КММ - Тоқты ауылынан ГАЗ А65R35, мемлекеттік нөмірі 897 AF 15 автокөлігімен;

007712

*сериялық нөмірсіз бланк ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛАДЫ.
*Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН

«Шөптікөл орта мектебі» КММ- Үлкен Талсай ауылынан ГАЗ 322173-245, мемлекеттік нөмірі 118 АР 15 автокөлігімен;

«Тахтаброд орта мектебі» КММ - Рухловка, Литвиновка, Салқынкөл ауылдарынан ГАЗ А65R35, мемлекеттік нөмірі 106 AG 15 автокөлігімен;

«Калиновский орта мектебі» КММ - Чернобаевка ауылынан ГАЗ А65R35, мемлекеттік нөмірі 896 AF 15 автокөлігімен;

«Ковыльный орта мектебі» КММ - Сокологоровка ауылынан ГАЗ А65R33, мемлекеттік нөмірі 971 BD 15 автокөлігімен;

«Урожайное орта мектебі» КММ - Степное ауылынан ПАЗ 3205307, мемлекеттік нөмірі Т090 BW автокөлігімен (ТОО «Янтарь-98» қаражаты есебінен).

3. Новоишимское ауылындағы елді мекенішілік тасымалды «№1 Новоишим орта мектебі» КММ, «Новоишим қазақ жалпы білім беретін мектебі» КММ күнделікті ұйымдастыру YUTONG ZK6745DX, мемлекеттік нөмірлері 396 AJ 15, 421 AJ 15, ГАЗ А65R35, мемлекеттік нөмірлері 075 AG 15, 534 AE 15 автокөліктерімен жүзеге асырылсын (қоса беріліп отырған тасымалдау кестесіне сәйкес).

4. Жоғарыда аталған мектептердің директорларына:

- мектептің медицина қызметкерлерімен бірлесіп, балаларды тасымалдауға шығатын жүргізушілердің жолға шығуын ерекше бақылауға алу;

- жүргізушілердің күнделікті медициналық тексеруден өтуін қамтамасыз ету;

- балаларды мектеп қызметкерлерінің сүйемелдеуін қамтамасыз ету;

- балаларды тасымалдауға арналған автокөліктердің талаптарға сәйкестігін бақылау;

- балаларды тасымалдауға арналған автокөліктердің техникалық жай-күйін және автокөліктегі санитариялық нормалардың сақталуын бақылауға алу;

- балалардың мектепке және кері қарай тасымалдануы кезінде олардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі бақылауды жүзеге асыру;

- автокөліктерді дәрі қобдишаларымен, өрт сөндіргіштермен қамтамасыз ету және оларды уақтылы ауыстыруды ұйымдастыру;

- ата-аналар арасында балаларды мектепке және кері қарай тасымалдау кезінде жол жүру тәртібі бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

- жүргізушілердің тауарлық-материалдық құндылықтардың (ТМҚ) сақталуын және жанар-жағармай материалдарының (ЖЖМ) жұмсалуын қамтамасыз етуін бақылау.

5. Білім беру ұйымдарының басшылары балаларды мектепке және кері қарай тасымалдау кезінде олардың өмірі мен денсаулығының сақталуына дербес жауапты болады.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзімде қалдырамын.

Басшы **Э. Карабаева**